

Ақтөбе облысының қалаларында және басқа да елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2013 жылғы 5 маусымдағы № 122 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 шілдеде № 3601 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 108 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 24.12.2021 № 108 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.03.2015 № 292 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің 408-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-2-тармағына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.03.2015 № 292 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы шешімге қоса беріліп отырған Ақтөбе облысының қалаларында және басқа да елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.03.2015 № 292 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-1. Ақтөбе қаласының және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына ұсынылсын:

тұрғын үй құрылысын жобалау барысында иттерді серуендетуге арналған алаңдарды орналастыруды қарастыру, ескерілсін;

ветеринариялық мекемелерде өздерінің итері мен мысықтарын уақытылы вакцинациялауды және есепке қоюды тұрғындар арасында насихаттау бойынша шаралар қабылдау

Ескерту. Шешім 1-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.03.2015 № 292 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-2. Пәтерлер иелері кооперативтеріне ұсынылсын:

азаматтарды таныстыру үшін тиісті аумақтарда орналасқан хабарландыру тақталарына, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың мекенжайы мен телефондарын орналастыру;

кажет болған жағдайда, иттерді серуендетуге арналған алаңдарды орналастыру үшін орындарды белгілеу және осы мақсаттарға жер учаскелерін бөлу үшін тиісті жергілікті атқарушы органдарға тапсырыс беру;

иттерді серуендетуге арналған алаңдардың санитарлық жағдайын ұстауға.

Ескерту. Шешім 1-2 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.03.2015 № 292 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Е. БЕКМҰХАМБЕТОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

2013 жылғы 5 маусымдағы

№ 122 облыстық мәслихаттың

шешімімен бекітілген

Ақтөбе облысының қалаларында және басқа да елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою

Қағидалары

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.03.2015 № 292 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1 тарау. Жалпы ереже

1. Осы Ақтөбе облысының қалалары мен басқа да елді мекендерінде иттерді және мысықтарды күтіп-ұстау Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да

нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Ақтөбе облысының аумағында иттерді және мысықтарды күтіп-ұстау және серуендету тәртібін анықтау мақсатында әзірленді.

2. Қағида меншік нысанына қарамастан, иттерді және мысықтарды күтіп-ұстайтын барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады. Ерекшелікті тек қызметтік иттері және тәлімбақтары бар құқық қорғау органдарының мекемелері, сол сияқты ұлттық қауіпсіздік органдарының кинологиялық қызметтері құрайды.

2 тарау. Иттерді және мысықтарды күтіп-ұстау шарттары

3. Иттерді және мысықтарды күтіп-ұстауға санитарлық-гигиеналық, зоогигиеналық талаптарды, ветеринарлық және осы Қағиданы сақтаған жағдайда рұқсат етіледі:

1) бір ғана отбасы тұратын тұрғын үй-жайларда;

2) бірнеше отбасы тұратын тұрғын үй-жайларда, тек өзінің тұрғын алаңында (пәтер тұрғындарының барлығының жазбаша келісімімен);

3) кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде иттерді байлаулы түрде немесе торда, яғни айналасындағылар үшін аландаушылық болу мүмкіндігін болдырмайтын және қауіп-қатер тудырмайтын жағдайда.

4. Көп пәтерлі тұрғын үйде бір отбасы ірі және орташа тұқымды екіден аспайтын ересек иттерді және екі мысықты, сондай-ақ үш айлық мерзімге дейінгі күшіктерді ұстай алады. Үш айлық мерзімнен асқан күшіктер мен мысықтар жаңа иелеріне берілуі немесе қараусыз жануарларды аулаумен және күтіп-ұстаумен айналысатын кәсіпорындарға тапсырылуы қажет.

5. Иттерді және мысықтарды қоғамдық пайдаланылатын орындарда (ас үйлерде, кіреберістерде, баспалдақ алаңдарында, жертөлелерде, шатырларда, лоджияларда, балкондарда және басқа да қосалқы үй-жайларда), тұрғын-үйлердің жанындағы аумақтарда (жеке тұрғын үйлердің аумақтарынан басқа), қонақ үйлер мен жатақхана дәліздерінде ұстауға жол берілмейді.

6. Санитарлық-гигиеналық тәртіптерді сақтаған жағдайда және қонақ үй әкімшілігінің келісімі бойынша иелерінің итімен немесе мысығымен бірге қонақ үйлерде тұрақтауына жол беріледі.

7. Иттерді және мысықтарды жекелеген тұрғын-үй қорының үйлерінде, ғимараттарда және оған қосалқы орындарда осы аумақтардың иелерінің рұқсатымен ғана немесе басқа да өкілетті тұлғаның келісімімен күтіп-ұстауға рұқсат етіледі. Иттер жақсы қоршалған аумақта күтіп-ұсталуы қажет, қоршау жануардың қашып кетуіне, адамдарға не болмаса басқа жануарларға шабуылдауына, жүргіншілерді тістеп алуына мүмкіндік бермеуі қажет. Кіреберісте иттің суреті және "Ит күзетеді! Охраняется собакой!" деген жазуы

бар 20x30 сантиметрден аз емес көлемде аумақта иттің бар екендігі туралы ескерту тақта жасалуы қажет.

8. Егер жануарларды күтіп-ұстау зоогигиеналық және санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келсе, жеке тұрғын үйлерде және оларға жапсарлас жер телімдерінде екіден астам иттерді және мысықтарды ұстауға жол беріледі.

9. Иттерді және мысықтарды сатып алу мен сату, басқа бір адамға тапсыру, сондай-ақ барлық көлік түрлерімен облыс ішінде тасымалдау әрекеттері құтырма және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы егілген уақыты белгіленген жануардың ветеринарлық құжаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Иттерді және мысықтарды елді мекендерден тысқары жерлерге тасымалдау кезінде және басқа аймақтардан әкелген жағдайда, иелері жануардың денсаулығы және егу жұмыстарының жүргізілгендігі жөнінде, яғни жұқпалы ауруларға қарсы 12 айдан аспаған мерзімде не болмаса жолға шығардан 30 күн бұрын егілгендігі жөніндегі мәлімет толтырылған ветеринарлық куәлігі болуы қажет.

Тұрғындарға, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға тиесілі иттердің барлық түрлері үш айлық мерзімінен бастап, құтырмаға және эпизоотиялық көрсеткіштер бойынша лептоспирозға, микроспорияға қарсы егілуге, сондай-ақ гельминтозға немесе дегельминтизациялық алдын-алуға тексерілуге жатады.

Мысықтар туылғаннан екі айлық мерзімнен бастап, адамдар мен жануарларға бірдей құтырмаға және жұқпалы ауруларға қарсы егілуге, гельминтозға тексерілуге тиісті.

10. Егу жасалмаған иттерді және мысықтарды күтіп-ұстауға жол берілмейді.

11. Иттерді және мысықтарды олардың терісін пайдалану мақсатында және етін сату, өңдеу, тұтыну үшін өсіруге және аулауға жол берілмейді.

12. Ақтөбе облысының аумағында иттердің төбелесін ұйымдастыруға және өткізуге, жануарларға қарсы қатыгез әрекеттер жасауға мүмкіншілік беретін басқа да іс-шараларды өткізуге жол берілмейді (қызметтегі, күзетке арналған иттердің жұмыс қабілеттілігін тексеру мақсатында, иттердің жарақат алмауын ескеретін, дұрыс тұқымдық сұрыптауға арналған арнайы ережелер бойынша тексерулерден басқа).

13. Алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.03.2015 № 292 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3 тарау. Иесінің ерекше жауапкершілігін қажет ететін иттерді күтіп-ұстау

14. Иесінің ерекше жауапкершілігін қажет ететін иттерге шоқтығының биіктігі 50 сантиметрден жоғары иттер жатады.

15. Балаларға және 16 жасқа толмаған жасөспірімдерге, сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайтын азаматтарға иесінің ерекше жауапкершілігін қажет ететін иттерді серуенге шығаруға рұқсат етілмейді.

16. Иесінің ерекше жауапкершілігін қажет ететін иттерді қоғамдық орындарға және көпшілік демалатын басқа да орындарға әкелуге, иттерді серуендету үшін арнайы бөлінген орындарды қоспағанда, рұқсат етілмейді.

4 тарау. Иттерді және мысықтарды серуендету тәртібі

17. Иттерді серуендету барысында иелері мынадай талаптарды сақтауы қажет :

1) иттерді тұмылдырықпен (декоративті иттер тұқымдарынан басқалары) және қысқа (1,5 метрге дейін) мойын жіппен, осы Қағиданың 18-тармағында тізбеленбеген орындарда, айналасындарға алаңдаушылық тудырмай және кедергі келтірмей шығаруға және серуендетуге рұқсат етіледі;

2) иттерді тұмылдырықсыз және мойын жіпсіз тек арнайы қоршалған аумақтарда, жаттықтыру алаңдарында және еркін серуендету үшін жергілікті атқарушы органдар, пәтер иелері кооперативтерімен қарастырылған орындарда рұқсат етіледі, егер ондай орындар болмаса серуендету бөлек жатқан бос жерлерде жүзеге асырылады;

3) иттердің иелері әрдайым иттің мойнына аты, түрі, иесінің мекен-жайы мен телефондары көрсетілген жетон бекітілген қарғыбау тағуы қажет. Иесінің еркі бойынша жетонда итке қатысты басқа да мәліметтер көрсетілуі мүмкін;

4) иттерді және мысықтарды қалалық қоғамдық көліктерде тасымалдау көліктің артқы алаңдарында, жолаушылардың мазасын алмайтын жағдайда жүзеге асырылуы тиіс. Иттердің декоративті түрлерін және мысықтарды сөмкеде , арнайы торларда (тасымалдауға арналған контейнерде), қолда алып тасымалдауға болады. Науқас иттерді және мысықтарды қоғамдық көлікте тасымалдауға жол берілмейді;

5) иттерді және мысықтарды тұрғын үйлердің маңында серуендету кезінде иттердің және мысықтардың иелері түнгі уақытта (сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін) тыныштықты қамтамасыз етулері қажет;

6) тыйым салған ескерту белгісі жоқ мекемелер мен азық-түлік сатпайтын дүкендерде және тағы басқа орындарда иелері иттерін тұмылдырықта және қысқа мойын жіпте ертіп жүруіне болады. Кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, нысандарға итпен кіруге тыйым салу туралы белгілер қойып және иттерді байлап қалдыратын орындар жабдықтауы қажет. Көзі нашар көретін адамдарды жетектеуші иттерге тыйым салу туралы белгілер қолданылмайды;

7) итті қысқа тұмылдырықпен және мойын жіппен, өздігінен шешіліп кетпейтіндей, иесі ғимараттың ішінде уақытша болатын мерзімге, егер де ит

басқа тұлғаларға қауіп төнгізбейтін, қоғамдық тәртіпті бұзбайтын, қозғалыстарға және өзіне зиян келмейтіндей жағдайда байлаулы қалдыруға болады. Сонымен қатар ит жүргіншілердің өтуіне кедергі болмауы керек;

8) ит қоғамдық орындарда қарғы баусыз тек қана қызметтік тапсырмаларды орындау кезінде ғана жүре алады.

18. Жануарлардың иелеріне жол берілмейді:

1) құтыруға қарсы егілмеген және токсоплазмозға тексерілмеген иттерді серуендетуге;

2) балалардың аула алаңдарында, спорттық алаңдарда, мектепке дейінгі және оқу орындарының, емдеу мекемелерінің аумақтарында, саябақтар мен басқа да тұрғындардың көпшілік демалыс орындарында жануарларды серуендетуге;

3) жағажайларда, көпшілік шомылатын орындарда, бөгеттерде, субұрқақтарда, су айдындары мен тоғандарда жануарларды серуендетуге және шомылдыруға;

4) қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша жұмыстарды орындаушы қызметтік иттерді, сондай-ақ көзі нашар көретін адамды жетектеуші иттерді қоспағанда, жануарлармен бірге халық көп жиналатын орындарда және қоғамдық шараларда болуға;

5) мас күйінде тұлғаларға иттерді және мысықтарды серуендетуге және қоғамдық орындарда және көліктерде алып жүруге.

5 тарау. Иттердің және мысықтардың иелері

19. Иттердің және мысықтардың иелері құқық мәртебесіне және меншіктік нысанына қарамастан иттерді және мысықтарды осы Қағиданың талаптарына сәйкес тиісті күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді.

20. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда, иттерден және мысықтардан жұқпалы аурулар табылса олар иесінен алынуы мүмкін. Егер жануар сау деп танылған жағдайда, ол иесіне қайтарылады. Сонымен қатар, қауып алғанда, адамға жарақат келтірген жағдайларда, адамға берілетін аурулардың немесе қауіпті аурулардың бар-жоғын тексеру үшін, ит немесе мысық иелерінен алынуы мүмкін.

21. Иттердің және мысықтардың иелері мынадай талаптарды қамтамасыз етеді:

1) айналасындағылар үшін қолайсыздық келтірмейтін және қауіпсіздік тудырмайтын иттер мен мысықтардың мінез-құлқы;

2) тұрғын үй-жайларда шу шығармау бойынша шаралар қабылдау;

3) аулаларды, кіреберістерді, саты алаңдарын, лифтілерді, балалар алаңдарын, жолдарды, тротуарларды, шағын гүлбақтарды, бақтарды, демалыс аумақтарын

ластамау, ал ластаған жағдайда тез арада тазалауды (қағаз немесе полиэтилен пакеттерін пайдалану) жүзеге асыру;

4) жануарларды зоотехникалық, зоогигиеналық және ветеринарлық-санитарлық талаптарға сәйкес күтіп-ұстау, қоғамдық қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету;

5) иттерді және мысықтарды олардың биологиялық қажеттіліктеріне сай күтіп-ұстау, оларға ізгілікпен қарау, қараусыз қалдырмау, жануарларға қажеттілігіне қарай тамақ беру, таза су ішуге жағдай жасау, мейірімсіздікпен қарауға жол бермеу;

6) ветеринариялық мекемелердің мамандарының талаптары бойынша иттер мен мысықтарды тексеру, диагностикалық зерттеу, емдеу-алдын-алу, індетке қарсы егу және дегельминтизациялау жүргізу үшін бөгетсіз беру;

7) жыл сайын, екі және үш айлық мерзімінен бастап иттерді және мысықтарды тексеру және құтырма ауруына және басқа да инфекциялық ауруларға қарсы алдын алу егу үшін ветеринариялық емханаларға апарып, ол туралы жануардың ветеринарлық құжатына белгілеу;

8) жүйелі түрде, тоқсанына кемінде бір рет, тері паразиттерінен иттер мен мысықтарды алдын алу өңдеуді жүргізу;

9) иттер мен мысықтар ауырған болмаса ауруға күдік болған барлық жағдайларда жедел түрде ветеринарлық мекемелерге хабарласу, тексеру қорытындылары бойынша мамандардың ұсыныстарын мүлтіксіз сақтау;

10) иттерді және мысықтарды одан әрі күтіп-ұстауға мүмкіндік болмаған жағдайда оны басқа адамға, жануарларды қорғау ұйымдарына беру немесе ветеринариялық мекемеге тапсыру;

11) жануарлар қауып алған барлық жағдайлар, сондай-ақ жануарлар өліп қалған жағдайлар туралы жедел түрде ветеринарлық мекемелерге хабарлайды. Ветеринарлық қызмет мамандары келгенге дейін иесі жануарларды оқшаулайды.

22. Жануарлар құтырумен ауырған дерек анықталған жағдайда, олар алынып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жойылады.

23. Иттердің және мысықтардың өлігін лақтырып тастауға жол берілмейді. Өлген жануарлардың өлігі жергілікті атқарушы органдар белгілеген орындарда жоюға немесе көмуге жатады.

5-1 Тарау. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою

Ескерту. Қағидалар 5-1 тараумен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.03.2015 № 292 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-1. Қоғамдық жерлерде(көшелерде, аулалық аумақтарда, саябақтарда және басқа да орындарда) иелері уақытша байлаулы күйінде қалдырған иттер мен

мысықтардан басқалары қараусыз болып саналады және қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулайтын арнайы қызметтермен аулануға жатады.

Ескерту. 23-1 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 05.06.2020 № 531 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-2. Қаңғыбас иттер мен мысықтардың саны гуманизм принциптерін сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан жазбаша және ауызша өтініштері бойынша оларды биостерилизациялау және арнайы қызметтер аулау жолымен реттеледі.

Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою бойынша жұмысқа наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұрмайтын тұлғалар жіберіледі.

Ескерту. 23-2 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 05.06.2020 № 531 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-3. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулайтын арнайы қызмет өзімен бірге рұқсат беру құжаттарын алып жүруі тиіс.

Ескерту. 23-3 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 05.06.2020 № 531 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-4. Ауланған қаңғыбас иттер мен мысықтар (оның ішінде асыл тұқымды) уақытша ұстауға арналған оқшаулағышқа жеткізіліп, онда иттер мен мысықтардың аса қауіпті ауруларының клиникалық белгілерін болдырмау үшін он тәуліктен аспай орналастырады.

Ескерту. 23-4 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 05.06.2020 № 531 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-5. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау күндізгі уақытта жүргізіледі.

Ескерту. 23-5 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 05.06.2020 № 531 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-6. Қаңғыбас иттер мен мысықтар адамдар мен жануарлардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндірген жағдайда (агрессиялық мінез-құлық және/немесе құтыру ауруына күдік болғанда) оларды дереу жояды.

Ескерту. 23-6 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 05.06.2020 № 531 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-7. Мойнында қарғыбау жетондары бар асыл тұқымды иттер мен мысықтардың ауланғаны туралы ақпараттар иттер мен мысықтарды аулайтын арнайы қызметтің сайттарында орналастырады.

Ескерту. Қағидалар 23-7 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 05.06.2020 № 531 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-8. Иттер мен мысықтардың өлекселерін жою мал көмінділерінде (биотермиялық шұңқырлар) немесе өлекселерді өртеуге арналған пештерде (инсинераторларда) жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 23-8 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 05.06.2020 № 531 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6 тарау. Қорытынды ережелер

24. Осы Қағиданы бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Ескерту. 24 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.03.2015 № 292 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).